

СЭҚ ТН-а сәйкес тауарларды жіктеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Кеден комитеті 1996 жылғы 11 желтоқсандағы N 243-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 31 наурыз N 276 тіркелді. Күші жойылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 22 бұйрығымен. ~V011445

Кеден органдарының Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасына сәйкес тауарларды жіктеу жөніндегі жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында бұйырамын:

1. СЭҚ ТН-а сәйкес тауарларды жіктеу тәртібі (1 қосымша) бекітілсін.
2. Тәртіпке (N 1, 2 қосымша) тізбелерде бекітілген тауарларды кедендік ресімдеу кезінде жіктеу шешімін ұсыну міндетті болып белгіленсін.
3. Осы бұйрықпен белгіленген тәртіппен міндетті жіктеу шешімдерін қабылдаудың тәртібі қолданылатын тауарларға қатысты олардың тізбелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу кедендік бақылауды жүргізу практикасын талдау мен жалпылап қорытуды ескеріп Кеден кірістері басқармасы жүзеге асыратын болып белгіленсін.
4. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 5 қаңтардағы N

140-12/45 нұсқауының күші жойылған болып есептелсін.

5. Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Баспасөз қызметі осы бұйрықтың ережелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

6. Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары осы бұйрықты алған кезде оның ережелерінің барлық мүдделі адамдарға жеткізілуін қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау ҚР КК Төрағасының Бірінші орынбасары В.Кирдановқа жүктелсін.

8. Осы бұйрық ол баспасөзде жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Кеден комитетінің
1996 жылғы 11 желтоқсандағы
N 243-П бұйрығымен
Бекітілген

СЭҚ ТН-а сәйкес тауарларды жіктеу тәртібі

1. Жалпы ережелер

1.1. СЭҚ ТН кодтарына сәйкес тауарларды жіктеуді осы тауарларды кедендік ресімдеу қызмет аймағында жүргізілетін Кеден кірістері басқармасы мен кеден басқармалары және кедендердің кеден төлемдері бөлімдері жүзеге асырады.

1.2. Тауарларды жіктеу төмендегідей негізгі принциптер бойынша жүргізіледі :

- шикізат пен тауардың функциясы;
- арнайы жіктеу мәселелерін шешуге қызмет ететін секциялар мен бөлімдерге Үйлестірілген жүйені түсіндірудің негізгі ережелерін қолдана отырып өңдеудің дәрежесі .

1.3. Тауарларды жіктеу тауардың техникалық төлқұжаттарының, сипаттамаларының, суреттердің, сызбалардың, коммерциялық және өзге де құжаттардың, сонымен бірге кез келген осындай шешімді қабылдауға қажетті басқа мәліметтердің, оның ішінде тауарлардың сынамалары мен үлгілерін берудің негізінде жүзеге асырылады.

1.4. Материалтанымдық немесе тауартанымдық сараптаманы өткізу қажеттілігі туындаған жағдайда Кеден кірістері басқармасы мен кеден төлемдері бөлімдері Орталық кеден зертханасына немесе тиісті кеден басқармаларындағы құрылымдық бөлімшелерге, сондай-ақ тауарларға тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын басқа ұйымдарға қайырылуға құқылы. Сараптаманы жүргізудің мерзімі сұрау салу жіберілген күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспауы керек.

1.5. Сараптамасы жүргізілген тауарлар бойынша (1.4.-т) жіктеу шешімі Тауарды зерттеудің нәтижелері туралы акті ескеріліп қабылданады.

2. Тауарлардың жеке түрлері бойынша міндетті жіктеу шешімдерін қабылдау

2.1. Осы Тәртіпке 1, 2 қосымшаларда аталған, заңды тұлғалардың импорттайтын тауарларына қатысты кедендік ресімдеу үшін жіктеу шешімдерін міндетті түрде ұсыну талап етіледі:

- 1 қосымшадағы тауарлар бойынша СЭҚ ТН-а сәйкес міндетті жіктеу шешімін Қазақстан Республикасының Кеден комитеті қабылдайды.

- 2 қосымшадағы тауарлар бойынша СЭҚ ТН-а сәйкес міндетті жіктеу

шешімін осы тауарды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден басқармалары мен кедендер қабылдайды.

2.2. Міндетті жіктеу шешімі туралы кедендік ресімдеуге дейін сыртқы саудалық мәміле жасаған немесе тауарды алушы болып табылатын адамның өтініші бойынша қабылданады.

Көрсетілген адам кедендік ресімдеу басталатын болжамды күнге шейінгі 15 күннен кешіктірмей алдын ала тиісті кеден органына жазбаша сұрау салуды жібереді.

Сұрау салу алдын ала жіктеу шешімін қабылдауға қажетті барлық мәліметтерді қамтуы тиіс. Сұрау салуға сұрау салынатын жіктеу шешімінің сипатына байланысты суреттер, сызбалар, коммерциялық және өзге де құжаттар, сонымен бірге кез келген басқа мәліметтер, оның ішінде тауарлардың сынамалары мен үлгілері қоса тіркелуге тиіс.

2.3. Міндетті жіктеу шешімін қабылдауға өтінішті барлық талап етілген мәліметтер мен құжаттар ұсынылған жағдайда оны алған күннен бастап 10 күн ішінде тиісті кеден органы қарайды. Тауар жөнінде мәліметтерді анықтау үшін кеден органының Орталық кеден зертханасына немесе оның құрылымдық бөлімшелеріне сұрау салуды жүзеге асырған жағдайында Міндетті жіктеу шешімін қабылдау мерзімі Өтініш алынған күннен бастап 15 күнді құрайды.

Жіктеу шешімін алдын ала қабылдауға Өтінішті қараудың жалпы мерзімі 15 күннен аспауы керек.

2.4. Міндетті жіктеу шешімі бір атаулы тауарға немесе СЭҚ ТН 9-таңбалы тауарлық бір позиция қосымшасында жіктелінетін тауарлар тобына беріледі.

Міндетті жіктеу шешімі ресми бланкісінде ресімделінеді және оған осы шешімді берген кеден органының жетекшісі қол қояды.

Жіктеу шешімінің қолданылу мерзімі - оны берген сәттен бастап 1 жыл.

2.5. Жіктеу шешімі екі данада ресімделінеді. Бірінші данасы өтініш берушіге жіберіледі немесе беріледі, екінші данасы оны берген кеден органында сақталады.

Жіктеу шешімдерінің үлгілік нысандары 3-қосымшада келтірілген.

2.6. Кеден басқармасы немесе кеденнің қабылданған жіктеу шешімін олардың қызмет аймағында орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелері орындауға міндетті.

Келісім-шарттың, тасымалдаудың, қозғалысының т.б. шарттары бойынша белгілі бір тауарды қою топтамалармен жүзеге асырылатын немесе түрлі кеден органдары жүзеге асыратын жағдайда Міндетті жіктеу шешімін тауардың алғашқы топтамасын кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден басқармасы немесе кеден қабылдайды, бұл ретте осы келісім-шарт бойынша ұқсас тауардың келесі топтамаларын ресімдеу үшін осындай шешім қабылдаған кеден

басқармасы мен кеденнің ресми куәлендірген шешімінің көшірмелерін
п а й д а л а н у ғ а ж о л б е р і л е д і .

Кеден комитетінің Кеден кірістері басқармасы қабылдаған жіктеу

шешімін олардың республиканың барлық кеден органдары орындауға міндетті.

2.7. Жоғары тұрған кеден органы жіктеу шешімі өтініш берушінің толық емес немесе жалған ақпараты негізінде қабылданса, сондай-ақ СЭҚ ТН-а сәйкес тауарларды жіктеу ережелері бұзылғандығы анықталған жағдайда төменгі тұрған кеден органы қабылдаған жіктеу шешімінің күшін жоюға немесе өзгертуге құқылы.

2.8. Жіктеу шешімі кедендік жүк декларациясы және кедендік ресімдеуге қажетті басқа да құжаттармен қоса бір мезгілде кеден органына беріледі.

СЭҚ ТН-а сәйкес тауарларды
жіктеу тәртібіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің міндетті
жіктеу шешімін қабылдайтын тауарлардың тізбесі

СЭҚ ТН бойынша Тауарлардың қысқаша атауы
тауардың коды

1602 10 000-нан Балалар тамағы үшін ет, еттің қосымша
өнімдерінен немесе қаннан жасалған
гомогенизацияланған даяр өнімдер,
орауы 250 г

1901 10 000 Бөлшек саудаға бөлініп салынған
балалар тамағы

2005 10 000-нан Балалар тамағы үшін
гомогенизацияланған көкөнімдер,
орауы 250 г

2007 10-нан Балалар тамағы үшін
гомогенизацияланған даяр көкөнімдер,
орауы 250 г

2104 20 000-нан Балалар тамағы үшін азық-түліктердің
гомогенизацияланған қоспалары,
орауы 250 г

9504 90 Өзге де ойын-сауықтар үшін бұйымдар

СЭҚ ТН-а сәйкес тауарларды
жіктеу тәртібіне
2 Қосымша

Кеден басқармалары мен кедендердің міндетті жіктеу
шешімін қабылдайтын тауарларының тізбесі

СЭҚ ТН бойынша Тауарлардың қысқаша атауы
тауардың коды

1515 Өзге тоң майлар мен өсімдік майлары

1701 Қант құрағы немесе қант қызылшасы
(1701 99 100-ден мен қатты күйдегі химиялық таза
басқа) сахароза

2204 30 Өзге жүзімнің сусын шараптары

2206 00 930 Ашытылған өзге сусындар 2л не одан
аз көлемде

2206 00 990 Ашытылған өзге сусындар 2л-ден көп
көлемде

6115 93 100 Тамырдың варикоздық кеңеюінен зардап
шегетіндер үшін шұлықтар

6211 32 100 Мақтадан жасалған өндірістік және
кәсіби киім

6211 33 100 Химиялық талшықтан жасалған
өндірістік және кәсіби киім

- 6211 42 100 Фартуктер, комбинезондар, арнайы киім мен басқа да мақтадан жасалған өндірістік және кәсіби киім
- 6211 43 100 Фартуктер, комбинезондар, арнайы киім мен басқа да химиялық талшықтан жасалған өндірістік және кәсіби киім
- 8702-ден Медицина мақсатындағы арнайы автомобильдер
- 8703-ден Медицина мақсатындағы арнайы автомобильдер
- 8705 90 900-ден Өзге арнайы мақсаттағы автомобильдер
- 94 01 90 900,
9403 90,
9403 90 100,
9403 90 300,
9403 90 900 Жиһаздың бөліктері
- 9402 Медициналық жиһаз

СЭҚ ТН-а сәйкес тауарларды
жіктеу тәртібіне
3 Қосымша

Жіктеу шешімдерінің үлгілік нысаны
(кеден органдарының ресми бланкілеріне жазылып беріледі)

Өтініш берушінің атауы
мен мекен-жайы

_____ N _____
N _____

СЭҚ ТН-а сәйкес тауарларды

жіктеу туралы

СЭҚ ТН-а сәйкес тауарларды жіктеу мәселесі бойынша

Сіздің өтінішіңізді қарай келіп, _____

(кеден органының

_____ төмендегіні хабарлайды.

атауы)

.....

.....

(СЭҚ ТН-а сәйкес тауарды ұқсастандыруға және жіктеуге ғана мүмкіндік беретін оны толық сипаттау. Қажет болатын жағдайда тауарлардың бейнелері, өлшемдері, жеке сипаттамалары ж.т.б. бар қосымшаларға сілтемелер беріледі.)

.....

(тауардың нақты атауы көрсетіледі)

болып табылады.

СЭҚ ТН-ның.....

(9-таңбалық цифрлық код көрсетіледі)

тауарлық қосымша позицияға жіктеледі.

Кеден органының

өкілетті адамының лауазымы _____ Қолы

М.О.